




Қазақстан экономикасына қысқаша шолу

Негізгі түйіндер

Қысқа мерзімді экономикалық индикатордың өсуі

2017 жылдың басынан қысқа мерзімді экономикалық индикатор айтарлықтай өсуін көрсетеді. 2017 жылдың ақпанында ҚЭИ өткен жылғы тиісті кезеңімен салыстырғанда 103,7%-ты құрды.

Қысқа мерзімді экономикалық индикатордың ұлғаюына экономиканың барлық базалық салаларында өсуіне қатысты.



*-индикатор экономиканың даму үрдісін сипаттайды және шығару индексінің мынадай базалық салалар бойынша өзгеруіне негізделеді: ауылшаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс. Осы салалардың ІЖӨ-дегі үлесі 63-64%-ды құрайды.

1. Макроэкономикалық индикаторлар

1.1. Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер

Т/б №	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2017ж. қаңтар-ақпан	2017ж. Ақпан	% -бен		2017ж. қаңтар 2017ж. ақпанға
					2016ж. қаңтар-ақпанға	2016ж. Ақпанға	
	А	Б	1	2	3	4	5
1	ІЖӨ (2016ж. жедел деректері бойынша)	млрд.теңге	45 732,1		101,0		
2	Өнеркәсіп	млрд.теңге	3 514,5	1 759,0	104,5	104,0	101,7
3	Ауылшаруашылығы	млрд.теңге	212,3	106,9	101,6	102,3	99,8
4	Құрылыс	млрд.теңге	173,2	102,2	105,3	104,1	142,8
5	Көлік (жүк айналымы)	млрд.ткм.	80,9	38,8	103,0	101,1	92,3
6	Байланыс	млрд.теңге	112,2	54,6	100,2	102,9	94,8
7	Сауда (бөлшек тауар айналымы)	млрд.теңге	1 125,2	567,8	104,5	105,5	101,1
8	Негізгі капиталға инвестициялар	млрд.теңге	699,7	350,4	111,2	98,8	99,7
9	Тұтыну бағасының индексі (ТБИ)	%			107,8	107,8	101,0
10	Жұмыссыздық деңгейі (бағалау)	%		4,9			
11	Орташа айлық номиналды жалақы	мың теңге	137,0	137,3	105,6	106,0	100,4
12	Нақты жалақы индексі**	%				98,3	99,4

Бір айға кешігумен қалыптастырылатын көрсеткіштер

№пп	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2017ж. қаңтар	% -бен		2017ж. қаңтар % -бен 2016ж. желтоқсанын а
				2016ж. қаңтарына		
	А	Б	1	3	4	5
1	Сыртқы сауда айналымы	млн. долл. США	5,3	121,1		80,6
1.1.	- экспорт	млн. долл. США	3,3	118,9		82,2
1.2.	- импорт	млн. долл. США	2,0	125,0		78,1
2	Орташа жан басына шаққандағы ном.ақшалай кіріс*	мың теңге	73,0	104,1		94,7

Ескерту: Шолуды дайындау барысында Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің (ҰЭМСК), ҚР Ұлттық Банкінің, ТМД Статкомитетінің, Еуростаттың, РФ Мемлекеттік статистика Федералдық қызметінің деректері пайдаланылды. СК оларды нақтылауға, қайта санауға орай серпінді бірқатар деректерде өзгерістердің болуы ықтимал.

Қабылданған қысқартулар: ІЖӨ - жалпы ішкі өнім, ТМД - Тәуелсіз Мемлекеттер достастығы, НКИ - нақты көлем индексі,

ТБИ - тұтыну бағасының индексі

** - бағалау



1.2. Экономикадағы оң және теріс өзгерістер

2017ж. қаңтар-ақпанында экономиканың барлық негізгі салаларында өсу жалғасты. Экспорт пен импорттың өсуімен туындаған сыртқы сауда айналымы өсті, инфляция өсу қарқыны бәсеңдеді.

Оң үдерістер

№пп	2017ж. қаңтар-ақпан %-бен 2016ж. қаңтарына-ақпанына	Факторлар	Анықтама үшін: 2017ж. қаңтар %-бен 2016ж. қаңтарына
1. ІЖӨ (2016ж. жедел деректері бойынша)	101,0	құрылыс, өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы мен көліктегі өсу, сонымен қатар өнімге салықтардың өсуі	
2. Өнеркәсіп	104,5	тау-кен саласындағы өндіріс көлемінің өсуі	104,9
3. Тау-кен өндіру саласы	103,4	темір кенін өндіруден басқа барлық көрсеткіштерінің өсуі	104,5
4. Өңдеу саласы	106,3	металлургия өнеркәсібі, тамақ өнімдері мен кокс және мұнай өнімдері өндірудегі көлемдердің ұлғаюы	106,1
5. Ауылшаруашылығы	101,6	мал шаруашылығындағы өнім шығарудың ұлғаюы	101,0
6. Құрылыс	105,3	құрылыс-монтаж жұмыстары көлемдерінің ұлғаюы	107,1
7. Көлік (жүк айналымы)	103,0	темір жол көлігіндегі жүк айналымының ұлғаюы	104,8
8. Негізгі капиталға инвестициялар	111,2	көлік және қоймалау, өнеркәсіп және жылжымайтын мүлікпен операциялардағы негізгі капиталды қаржыландырудың ұлғаюы	127,4
9. Байланыс	100,2	желілік қызмет көрсету және мобильді интернеттен түскен кірістердің өсуі	97,9
10. Сауда (бөлшек тауар айналымы)	104,5	саудамен айналысатын кәсіпорындардың бөлшек саудадағы көлемдердің ұлғаюы	103,5
11. Инфляция	107,8	тауарлар мен қызметтердің барлық топтарындағы бағалардың өсуінің баяулауы	107,9
12. Сыртқы сауда айналымы*	121,1	экспорттың, сол сияқты импорттың өсуі	81,0
12-1. Сыртқы сауда айналымы: экспорт*	118,9	минералды өнімдер, оның ішінде отын-энергетикалық тауарлар бойынша экспорттық түсімдердің өсуі	80,0
12-2. Сыртқы сауда айналымы: импорт*	125,0	барлық негізгі тауар топтары импортының өсуі	82,4

*Сыртқы сауда айналымының көрсеткіштері: экспорт пен импорт көлемдері бір айға кешіктіріліп қалыптастырылады. Осыған байланысты, кестедегі деректер 2017ж. қаңтары 2016ж. қаңтарына үшін %-бен сол жақ бағанда, ал 2015ж. қаңтар-желтоқсаны 2016ж. қаңтар-желтоқсан үшін %-бен оң жақ бағанда келтірілген.



Ішкі жалпы өнім


1.3. ІЖӨ өндіріс әдісімен

ІЖӨ 1%-ға өсті

2016ж. ІЖӨ 2015 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда нақты көрсеткіште 1%-ға ұлғайып, 45,7 трлн. теңге болды.

ІЖӨ құрамындағы тауарлар мен қызметтер өндірісі тиісінше, 1,3% бен 0,8%-ға өсті. Өнімге салықтар 0,2%-ға өсті.

Тауарлар өндіру мен қызметтер өндірудің ІЖӨ-дегі үлестері тиісінше, 36% және 57,9% болды.




2016ж. құрылыс, ауыл шаруашылығы, көлік салалары және жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар ІЖӨ-нің өсуіне оң үлесін қосты. Сауда және тау-кен өндіру саласындағы төмендеу есебінен болған өнеркәсіптің жалпы көлемдерінің қысқаруы теріс әсер етті.

1.4. ІЖӨ түпкілікті пайдалану әдісімен

2016 ж. 9 ай ішінде ІЖӨ нақты көрсеткіште 0,3%-ға азайып, 29,9 трлн.теңгені құрады.

ІЖӨ құрамындағы түпкілікті тұтыну шығыстары 1,4%-ға өсті, жалпы жинақтау 1,3%-ға ұлғайды.

Тауарлар мен қызметтер экспорты 5,2%-ға, импорт 2,1%-ға төмендеді.




1.5. ТМД елдеріндегі ІЖӨ

Өзбекстан ІЖӨ-нің өсуі бойынша көшбасшы болып отыр

2016 жылы ТМД елдерінің арасында ІЖӨ-нің ең көп өсуі Өзбекстанға тиесілі (7,8%-ға өсу).

2016 жылы Өзбекстан, Беларусь пен Ресейде ІЖӨ тиісінше, 3,8%, 2,6% және 0,2%-ға төмендеді.





1.6. Негізгі ықпал ету факторлары

Мұнайдың бағасы


2017 жылдың ақпан айы ішінде Brent маркалы мұнайдың бағасы әлемдік тауар биржаларында 67,1%-ға өсіп, бір баррель үшін 55,5\$ құрады*.

Мұнайдың бағасы және өндіріс көлемдері

Өнеркәсіп өндірісінің негізгі үлесін өңделмеген мұнай өндіру құрайды, 2017ж. ақпанында оның үлесі 41,1% болды.

2017ж. ақпанында өңделмеген мұнайды өндірудің нақты көлемдері 2,4%-ға өсті, ал табиғи түрдегі көрсеткіште көлемдер 2,9%-ға көбейді.

Нәтижесінде өнеркәсіп 4,0%-ға көтерілді**. Сонымен бірге, ақшалай көрсеткіште өнеркәсіп көлемі 33,0%-ға өсті, бұл өсу шикізат тауарларына бағаның өсуі себепші болды.

* - <http://econ.worldbank.org>** - <http://stat.gov.kz>: 2017ж. қаңтардағы өнеркәсіп жұмысының негізгі көрсеткіштері

*** - ҰЭМ СК деректері бойынша энергия ресурстарын өндіруші кәсіпорындардың бағалары

Сыртқы сұраныс

Қазақстандық экспорттың басым бөлігі Еуроодақ елдеріне (2016ж. қаңтар-желтоқсанда ЕО-қа бағытталған экспорттың үлесі 50,2% болды), Қытайға (11,4%) және Ресейге (10,3%) жеткізілетіндіктен, Қазақстанның сыртқы саудасының көлемі осы елдердің экономикаларындағы ахуалына біршама тәуелді. 2016ж. ЕО ІЖӨ (28) 1,8%-ға, Қытайда ІЖӨ 6,7% өсті, ал Ресейде 0,2%-ға төмендеді.


Сыртқы сауда айналымы**2017ж. қаңтар**

2017ж. қаңтарында сыртқы сауда айналымы 21,1%-ға өсті (экспорт 18,9%-ға, импорт - 25,0%-ға өсті).

Экспорттың құрылымында минералды өнімдер (үлесі - 70,7%), импортта - машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, аспаптар және аппараттар (37,8%) басымдыққа ие болды.

Экспорттың өсуі мынадай тауарлар топтарының арттыруына байланысты: минералды өнімдер - 15,4%-ға, металлдар және олардан бұйымдар өнімдері - 54,6%-ға және басқа да өнімдер - 63,9%-ға.


Барлық негізгі тауарлар топтары бойынша импорт артты. Импорттың өсуіне барынша елеулі үлесті 18,5%-ға немесе ақшалай көрсеткіште 117 млн. \$ мөлшерде өскен машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, аспаптар мен аппараттар қосты.

**Экономикадағы ақша ұсынысы****Кредиттеу***

2017ж. ақпанның аяғында 2016ж. ақпанымен салыстырғанда экономикаға берілген кредиттердің көлемі 1,4%-ға төмендеп, 12,4 трлн. теңге болды.

Өткен аймен салыстырғанда экономикаға берілген кредиттер 2017ж. ақпанында 1,3%-ға қысқарды.

Жылдық көрсеткіште экономикаға берілген кредиттердің ең көп өсімі ауыл шаруашылығында (33,7%-ға), көлік (15,0%-ға) мен саудада (3,3%-ға) байқалды.



** - өндірістік емес сала, жеке қызмет

* - кезең соңындағы ҚРҰБ деректері бойынша



2. Экономиканың негізгі салаларындағы НКІ


Тауарлар өндірісі

2.1. Өнеркәсіп

Өнеркәсіптік өндірістің өсуі

2017ж. қаңтар-ақпанда өнеркәсіп өндірісінің көлемі 4,5%-ға өсті (2017ж. қаңтарында - 4,9%-ға өсу).


Бұл тау-кен өндіру және өнеркәсіп салаларындағы өндіріс көлемдерінің өсуіне себепші болды.



Тау-кен өндіруде өндірістің өсуі

2017ж. қаңтар-ақпанында тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемдері 3,4%-ға өсті (2017ж. қаңтарында - 4,5%-ға өсуі).

Мұнай (3,2%), көмір және лигнит (15,5%) және темір кендері (10,8%), табиғи газ (1,5%-ға) және түсті металл кендерін (11,6%-ға) өндіру көлемдері ұлғайды.




Өңдеу өнеркәсібінде өндірістің өсуінің жалғасуы

2017ж. қаңтар-ақпанында салада өндіріс көлемдері 6,3%-ға ұлғайды (2017ж. қаңтарында - 6,1%-ға өсу).

Металлургия өнеркәсібінде өндіріс көлемдері 7,4%-ға (үлесі - 48,7%) ұлғайды, оның ішінде негізгі асыл және түсті металлдар өндірудің өсуі 7,8%-ды құрады.

Азық-түлік өнімдеріндегі өндіріс көлемдері 1,7%-ға өсті (үлесі - 15,5%). Өсуіне негізгі үлесті: ет және қосалқы азық-түліктер (7,6%), тазартылған өсімдік майы (16,1%), өңделген, сұйық сүт және қаймақ (9,0%), дәнді дақылдардан жасалған ұн (6,9%) енгізді.




2.2. Құрылыс

Өсудің жалғасуы


2017ж. қаңтар-ақпанында құрылыс жұмыстарының көлемдері 5,3%-ға өсті (2017ж. қаңтарында - 7,1%-ға өсу). Құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі 4,8%-ға ұлғайды (үлесі - 93,3%).

Құрделі және ағымдағы жөндеу бойынша құрылыс жұмыстарының көлемі тиісінше, 2,1%-ға және 27,1%-ға артты.




**2.3. Ауылшаруашылығы****Мал шаруашылығының өсуінің жалғасуы**

2017ж. қаңтар-ақпанында ауылшаруашылығы 1,6%-ға өсті (2017ж. қаңтарында - 1,0%-ға өсу). Ауыл шаруашылығы өндірісінің өсуі тірі салмақта сою көлемінің және шикі сиыр сүтінен сүт өндірісінің 1,7%-ға және 3%-ға ұлғайуына байланысты. Мал шаруашылығындағы өнімдердің көлемі 1,7%-ға (үлесі - 95,6%) ұлғайды. Сонымен қатар, өсімдік шаруашылығы өнімінің көлемі өзгеріссіз қалды.

**Қызметтер өндіру****2.4. Бөлшек сауда****Бөлшек сауда көлемдері бес ай қатарынан өсуде.**


2017ж. қаңтар-ақпанында бөлшек тауар айналымының көлемдері 4,5%-ға өсті (2017ж. қаңтарында - 3,5%-ға өсу).

Саудамен айналысатын кәсіпорындарының сауда көлемі 13,9%-ға өсті (үлесі - 59,2%), дара кәсіпкерлердің тауарларды сату көлемі 6,6%-ға (үлесі - 40,8%) азайды.

**2.5. Көлік (жүк айналымы)****Өсудің жалғасуы**


2017ж. қаңтар-ақпанында жүк айналымының көлемі 3,0%-ға ұлғайды (2017ж. қаңтарында - 4,8%-ға өсу).

Өсуге темір жол 9,4%-ға (үлесі - 47,4%) жүк айналымының ұлғаюуы себепші болды.

**2.6. Байланыс****Соңғы 13 айда бірінші рет ұлғаюуы**

2017ж. қаңтар-ақпанында байланыс қызметінің көлемі 0,2%-ға артты (2017ж. қаңтарына - 2,1%-ға төмендеу).

Интернет қызметтерін көрсетуден түскен кірістердің 12,1%-ға (үлесі - 32,8%) және ұялы байланыс 4,0%-ға (үлесі - 31,2%) өсуі себепші болды.





3. Инфляция


3.1. Тұтыну бағаларының индексі

Жылдық инфляцияның баяулауы

2017ж. қаңтар-ақпанында инфляция 7,8%-ды құрады (2017ж. қаңтарында - 7,9%), бұл тауарлар мен қызметтердің барлық топтары бағаларының өсуіне себепші болды.

Айлық инфляция 1,0%-ды құрады (2017ж. қаңтарында - 0,8%).

Жылдық инфляция жоғары базаның әсері және теңгенің айырбастау бағамының тұрақтануы есебінен 7,8%-ға дейін баяулады (2017ж. қаңтарында - 7,9%-ға өсу).



4. Инвестициялар


4.1. Негізгі капиталға инвестициялар

Негізгі капиталға инвестициялардың өсуінің жалғасуы

2017ж. қаңтар-ақпанында инвестициялар 11,2%-ға ұлғайды (2017ж. қаңтарында - 27,4%-ға өсу).

Кәсіпорындардың меншікті қаражаты есебінен қаржыландырудың 20,6%-ға (үлесі - 71,3%) ұлғаюы инвестициялардың өсуіне себепші болды.

Экономикалық қызметтің түрлері бойынша инвестициялардың өсуіне негізгі үлесті өнеркәсіп (7,7%-ға өсу), көлік және қоймалау (10,7%-ға өсу), жылжымайтын мүлікпен операциялар (32,2%-ға өсу) енгізді.




5. Еңбек нарығы

5.1. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық

Халықтың жұмыспен қамтылуы және жұмыссыздықтың төмендеуі

2017ж. қаңтар-ақпанында 2016ж. қаңтарымен салыстырғанда экономикада жұмыспен қамтылғандардың саны 0,4%-ға, жұмыссыздар саны 3,1%-ға қысқарды.

Жұмыссыздық 4,9%* болды.



5.2. Жалақы және халықтың кірістері

Халықтың нақты ақшалай кірістерінің төмендеуі жалғасуда

2017ж. қаңтар-ақпанында орташа айлық номиналды жалақы 5,6%-ға өсті.

Нақты жалақы 2016ж. ақпанына қарағанда 1,7%-ға төмендеуді көрсетті.

Нақты ақшалай кіріс (бір айға кешігумен қалыптастырылатын бағалау көрсеткіші) 2016ж. қаңтарында 3,5%-ға төмендеуді көрсетті.



* - жұмыспен қамтудың жаңа стандарттары ескерілген бағалау деректері